

Алдабек Н.Ә.¹, Түргенбай А.Ә.², Асыл М.Б.³

¹т.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: nurzhamal25@mail.ru

²аға оқытушы, магистр, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: ainur.turgenbay@gmail.com

³аға оқытушы, магистр, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: monikaassyl@gmail.com

**ҚЫТАЙЛЫҚ ДАМУ ҮЛГІСІ ЖӘНЕ
ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ТӘЖІРИБЕСІ**

Бұл мақалада қытайлық ерекшелікке ие социализмнің мәні, ерекшелігі мен даму болашағына талдау жасалады. Сонымен қатар, Қытайда ұлттық жаңғыру мен адамзаттың әділетті, әрі жалпыға ортақ дәулетті қоғамды құру туралы арманын жүзеге асыру үшін социализмді құрудың теориялық және практикалық мәні, қазіргі қытайлық социализмнің шынайы сипаты айқындалады.

Түйін сөздер: «Датун», «қытайлық социализм», модернизация, сяокан, «орташа ауқатты» (сяоканшэхуэй) қоғамы, «жалпыға бірдей гүлдену» (фуюйшэхуэй) қоғамы, «азиялық құндылықтар».

Aldabek N.A.¹, Turgenbay A.A.², Assyl M.B.³

¹Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: nurzhamal25@mail.ru

²master of human science, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: ainur.turgenbay@gmail.com

³master of human science, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: monikaassyl@gmail.com

The Chinese model of development and its experience for Kazakhstan

This article analyzes the nature, characteristics and prospects of the development of socialism with Chinese characteristics. The theoretical and practical essence of the development of socialism in China and the true nature of modern Chinese socialism for the realization of national revival and the creation of a just and universal rich society are also determined.

Key words: Datong, Chinese socialism, modernization, xiaokang, middle-income society (xiaokangshenhui), society of universal prosperity (Fuyishehui), Asian values.

Алдабек Н.А.¹, Түргенбай А.А.², Асыл М.Б.³

д.и.н., профессор, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: Nurzhamal25@mail.ru

магистр, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: ainur.turgenbay@gmail.com

магистр, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: monikaassyl@gmail.com

Китайская модель развития и ее опыт для Казахстана

В этой статье анализируются сущность, особенности и перспективы развития социализма с китайской спецификой. Также определяются теоретическая и практическая сущность развития социализма в Китае и истинный характер современного китайского социализма для реализации национального возрождения и создания справедливого и универсального богатого общества.

Ключевые слова: Датун, китайский социализм, модернизация, сяокан, общество «среднего достатка» (сяоканшэхуэй), общество всеобщего процветания (фуюйшэхуэй), азиатские ценности.

Кіріспе

Қытайдың ұлы ойшылдарының бірі, әскери стратег Сун Цзы осыдан 25 ғасыр бұрын былай деген екен: «әрбір шайқаста соғысу мен жеңіске жету үлкен жетістік емес, ең жоғарғы шеберлік қарсылас жауыңның қарсылығын шайқаспай-ақ тойтару немесе соғыссыз-ақ сағын сындыру» (Сунь цзы, 2017). Қытайдың бұрынғы басшылары сияқты, кейінгі басшыларының да, тұрақты түрде болмаса да, анда-санда осы қағиданы ұстанатыны байқалады, яғни басып алмау мен зорлық көрсетпеу, керісінше өз мысалыңмен көшбасшылығыңды мойындату.

Сонымен, ұлы көршіміз Қытайдың соңғы уақыттағы әлем назарын өзіне еріксіз аудартып отырған экономикалық жетістіктері мен саяси беделінің артуының немесе «Азиялық құндылықтардың» құпиясы неде?

Бұл сұрақтарға шағын мақала көлемінде жауап беру мүмкін еместігі белгілі. Дегенмен негізгі түйіндеріне тоқталып, жалпы ерекшеліктеріне назар аударуды жөн көрдік.

Ұлттық мемлекеттердің ғана емес, сонымен қатар барша адамзаттың болашағы бұлынғыр болып тұрған, ал халықтардың тағдырын шешетін саяси элиталар мен зиялы қауымдастықтар көптеген көкейкесті мәселелерді шешудің жолын таппай отырған осы аласапыран заманда Қытайдың болашаққа сенімді аяқ басуы, бір жағынан жарқын үміт ұялатса, екінші жағынан қауіп тудыруда. Сондықтан бүгінгі таңда әлемде Қытайдың модернизациясына баға беретін қытайлық көзқарастағылар және оған теріс көзқарастағылар тарапынан осы мәселе жөнінде көптеген жан-жақты зерттеулер жүргізіліп келуде.

Қарастырып отырған тақырыптың теориялық мәні нарықтық трансформацияның қытайлық нұсқасын жан-жақты ғылыми-теориялық тұрғыдан түсіндіру. Осындай түсінікке деген қажеттілік саяси тұрғыдан өзекті және ғылыми тұрғыдан маңызды болып табылады. Нарықтық экономикаға көшудің мәселелерімен арнайы айналысып жүрген Д. Сакс, Л. Бальцерович, Е.Т. Гайдар сияқты экономист-ғалымдар мен шетелдік ҚХР экономикасын зерттеуші мамандар Б. Наутон, Т. Роски, сонымен қатар қытайлық ғалымдар Фань Ган, Линь Ифу, Цзо Дапэй, қытай реформасын «шок терапиясымен» теңестірсе, ал Цзы Чжунюн (Zi Zhongyun) қытай модернизациясын жан-жақты талдайды.

Реформаланған Қытайдағы экономикалық қайта құрулардың белгілі бір аспектілері бойынша зерттеу еңбектері салыстырмалы түрде көп

болғанымен, әлеуметтік-экономикалық даму жолын іздеген, әсіресе, 90-жылдары нарықтық экономика пайдасына соңғы таңдауын жасаған Қытайдың даму жолын жан-жақты сипаттайтын кешенді зерттеулер саусақпен санарлық. Шын мәнінде, кез келген нақты тақырыпты зерттеуге қарағанда қытай туралы, жалпы экономика саласындағы зерттеу материалдары мен статистикалық мәліметтердің басым бөлігін топтастыруды, өңдеу мен талдауды талап ететін осындай жұмыстарды жазудың өзіндік қиыншылықтары да бар.

Дегенмен, реформаланған Қытайдың даму моделі мен ерекшелігі туралы жалпы түсінік беретін зерттеу еңбектері баршылық. Оған ХХ ғасырдың 90-жылдары жарық көрген Барри Наутоның (АҚШ) «Вырастающая из плана. Китайская экономическая реформа 1978-1993», Сусуму Ябукидің (Жапония) «Новая политическая экономия Китая. Гигант пробуждается», Лю Пэйцюн (Гонконг) «Мегатенденции китайской экономики», алдыңғы қатарлы әлемдік қытайтанулық журнал «Чайна квотерли» (Лондон) арнайы шығарылымындағы «Переходная экономика Китая» сияқты жарияланымдар дәлел болады.

Осы тақырыпқа байланысты зерттеу жұмысын жазу барысында шетелдік синологтардың еңбектерінің арасында Б. Наутон, П. Нолан, Сусуму Ябукидің жоғарыда аталған жарияланымдарының көмегі зор болды. Сонымен қатар, АҚШ Конгресінде тыңдау негізінде дайындалған қытай экономикасы туралы ұжымдық зерттеулері (1975, 1978, 1986, 1992) мен Н. Лардидің «Китай в мировой экономике» (1993), Дж. Розманнның «Китайские дебаты о советском социализме. 1978-1985», Сюэ Тяньтунның (Гонконг) «Экономика промышленного развития КНР» атты кітаптарын, Дэвид Шамбоның редакциялауымен жарық көрген «Американские исследования современного Китая» еңбегіндегі Пенелопа Праймның ҚХР экономикалық мәселелерінің АҚШ-та зерттелуі туралы мақалаларын ерекше атап өтуге болады.

Ресейлік қытайтанушы-экономистердің арасында Г.А. Ганшин, В.Г. Гельбрас, Л.И. Кондрашова, И.Н. Наумов, Э.П. Пивоварова ҚХР экономикасының даму жағдайына анализ жасаған. Қытай модернизациясы мен «қытайлық ерекшелікті социализм» идеясын зерттеуде В. Портяков (Портяков В., 2013), В. Гельбрас (Гельбрас В., 2007), А. Островский (Островский А., 2013), Д.А. Смирнов (Смирнов Д.А., 2005), О.О. Коренкова (Коренкова О.О., 2013),

Я.М. Бергер (Бергер Я.М.) сияқты кеңестік және ресейлік ғалымдардың рөлі өте зор.

Зерттеу барысында қытайлық саясаттанушы ғалымдар мен Қытай коммунистік партиясының, атап айтқанда Дэн Сяопин, Цзян Цзэмин, Ху Цзиньтао, Си Цзинпин сияқты басшыларының ҚХР ресми сайттары мен басылымдарында жарияланған мақалалары мен сөйлеген сөздері, берген сұқбаттарын кеңінен қолдана отырып, талдау жасалды.

Қытайлық тәжірибе баршаға қызықты, алайда дамудың негізі ретінде еуроцентристік амал орнына қытайцентристік көріністі қабылдауға әлемдік қауымдастық әлі мүлдем дайын еместігі белгілі. Қытай қай бағытта дамып, қандай қоғам құруда, социалистік пе әлде капиталистік пе? Оның жетістігінің құпиясы неде? Ол белгілеген мақсатына жеткен кезде жаһандық халықаралық мәселелерді қалай шешеді? Қытай алдына қойған мақсатының орындалуының мүмкіндігі қаншалықты үлкен? Осы және басқа да қалған сауалдар бүгінгі таңда барша әлемнің саяси және ғылыми шеңберлерде қызу талқыланып жатқан мәселелер болып табылады.

Қытайлық модернизацияның мәнін анықтау, яғни Қытай қайда бет алды деген сауалға жауап беру үшін мына мәселелерді айқындап алуымыз керек: Қытай шын мәнісінде социализмді құруда ма әлде бұл биліктің легитимділігін ақтай-тын жай ғана ұран ба? Бұл сауал өте маңызды, себебі ол болашақтағы әлемнің құрылымын болжамдауға да мүмкіндік береді. Қытай үлкен әлемдік держава, ал әлем жаһанданған және өзара бір-бірімен байланысқан. Қытайдың болашағы оның күш-қуаты бірнеше есеге өскен кезде оның элитасы қандай қағиданы ұстанатындығына байланысты болмақ, яғни, әлеуметтік әділдік қағидасын ба, әлде, капиталистік күш қағидасын ба.

Қытай модернизациялану арқылы алдына қойылған мақсаттарын орындай ала ма деген сауалдың көпшілік көкейіндегі мәселе екендігі анық. Қытай үлкен демографиялық мемлекет болғандықтан-ақ маңызды және осындай үлкен қоғамда шешілмеген мәселелер негізінде тұрақсыздық орын алатын болса, бұл оның көршілеріне ғана әсер етіп қоймайды, сондықтан Қытайды жақтырмайтындар да оның мақсатына қарай тұрақты бет алуын тілеп, оның тыныштығы айналасындағы барлық көрші елдер үшін де неғұрлым тиімді екендігін мойындайды. Алайда мәселе Қытайдың дамуы әлемдік экономика мен әлемдік шаруашылық жағдаятпен өзара байланысты болуында, ал ұдайы жаңғыр-

тылудың сыртқы жағдайлары айқын түрде нашарлап бара жатыр. Әлемдегі болып жатқан геосаяси жағдайлар оған кері әсерін тигізбеуі мүмкін болмай тұр. Екінші жағынан, елдегі ішкі саяси жағдай экономикалық дамумен өзара байланыста, сондықтан да әділ бөлу саясатын қажет етіп отырған қоғамның ішкі тұрақтылығы мен нарықтық экономика тетіктері жұмыс істеп тұрған қытайлық экономиканың тиімділігі арасындағы тепе-теңдікті қаншалықты нәтижелі болуы оны қалпына келтіру мүмкіндігіне, қытайлық үлгінің тұрақтылығына тәуелді болып келеді.

2017 жылы қазан айында Пекинде ашылған ҚКП ХІХ съезінде «қытайлық ерекшелікті социализмді» нығайтудың нақты жоспарын ұсынды. Сарапшылар осы съезде қабылданған шешімдер адамзат өркениетінің дамуына зор мүмкіндік беретін «қытайлық модельді» нығайтады деген болжамдарын жасады.

«Қытайлық модель» немесе «Бейжіңдік консенсус» терминін ең алғаш 2004 жылы америкалық экономисі, әрі саясаттанушы ғалым Джошуа Купер Рамо ұсынды (www.veme.news). Ол өркендеудің қытайлық моделі мемлекеттің ұлттық ерекшелігін таныту мен қоғам қажеттілігін қамтуға жауап беретінін айтқан болатын.

Зерттеудің теориялық және концептуалды деңгейлерін қолдану жұмысымыздың негізгі мақсатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ол – Қытайдың қалыптасуының түрлі кезеңдеріндегі әлеуметтік-экономикалық даму үлгісіне тән ерекшеліктерді, мемлекет басшылығының экономикалық саясатының нақты комбинацияларын айқындау және барынша көрсету.

Жоғарыда аталған мақсат шағын мақаламыздағы зерттеудің келесі міндеттерін айқындайды: мемлекеттегі кез келген мәселемен күресе алатын ішкі өркениеттік мүмкіндікті айқындау; Қытай модернизациясы концепциясының негізгі кезеңдерін қарастырып, мемлекет басшылығының экономикалық саясатының ерекшеліктерін саралау. Және де Қытайдың жақын көршісі біз, қазақстандықтар үшін ең негізгі мәселе ол жеке алғанда, Қытай дамуынан және жалпы алғанда, әлемдік модернизациядан жақын арада және келешекте не күтуге болады деген сауалға жауап іздеу.

Негізгі бөлім

Модернизацияның қытайлық үлгісі әмбебап болуы мүмкін. Жер шары халқының бестен бір бөлігі өмір сүріп отырған елде жүргізіліп

отырған модернизацияның ауқымы, немесе осы қытайлық модернизацияның үлгісі басқа елдерде жүргізілуі мүмкін еместігі туралы айтылуда. Алайда Қытайдың модернизациялық әрекеттерінің жеке элементтері басқа елдер үшін құнды тәжірибе болып табылады және бұл зерттеулерді танымдық мақсатта ғана айқындап қоймай, Қазақстан Республикасындағы реформалар шеңберінде тарихи тұрғыдағы ғана емес, нақты қолданбалы түрдегі сабақ ретінде қарастырған жөн деп санаймыз.

Ал жоғарыдағы сұрақтарға жауап іздегенде, ең алдымен, қытайлық социумның өзінің мәдени-тарихи түп тамырына берік байланғандығын есте ұстау маңызды екендігі.

Социализм мен коммунизм туралы қиял Қытай компартиясы үшін сырттан енгізілген ой емес, өйткені социализм туралы армандар Қытай халқының санасында бірнеше мың жылдар бұрын-ақ орын алған болатын. Мысалы көне ойшыл Мо-цзы оны «жалпыға бірдей сүйіспеншілік» қоғамы десе, көне «Ли юнь» кітабында ондай қоғам құруды «Ұлы тұтастық» – «Датун» деп атаған. «Датун» туралы ой-арман қытай халқының ежелден келе жатқан ішкі тарихи мұқтаждығы мен қазіргі заманғы Қытай халқының, мемлекеттің жетекші партиясы ҚКП-ның басты мақсаты болып табылады. Сондықтан, Қытай қайда бара жатыр? – деген сұраққа – Қытай, оның басшылығы үнемі ұстанып келе жатқан ұстанымы – «қытайлық социализмді» орнату жолында деп жауап беруге болады.

Ал «қытайлық ерекшелігі бар социализм» сол жоғарыда атап көрсеткеніміздей, көне заманнан қытай халқының ойшылдарының армандаған «әділетті әлеуметтік қоғам құру» идеясынан бастау алған. Оны мемлекет басшыларының қытай тарихының әрқилы кезеңдерінде жүргізген модернизациялық әрекеттерінен көруге болады. Реформаторлар мен революционерлер іске асыруға талпынған Қытайды модернизациялау әрекеттерінен сабақ алған Қытай компартиясының басшылары, Мао Цзедуннан бастап қазіргі басшыларына дейін жүргізіп келе жатқан саясатының негізгі мақсаты «қытайлық социализмді» орнату болып табылады.

1975 жылы Бүкіл қытайлық халық өкілдерінің жиналысының кезекті сессиясында үкімет басшысы Чжоу Эньлай саяси күш жігерді жасампаз іс-әрекеттерге жұмсайық деген ұранмен «Төрт модернизация» – ауыл шаруашылығы, өндіріс саласы, ғылым мен техника және әскери қорғаныс саласын жаңарту жоспарын

ұсынды. Шын мәнісінде, бұл ұлтты біріктіретін, алып елдің бар күш қуатын Қытайды модернизациялауға бағыттайтын нақты да өзекті міндеттерді шешу жөніндегі идеяны іздеуден туындап еді. Бұл идея бойынша, 1980 жылға қарай дербес өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын механикаландыру көзделді; 1985 жылға қарай 1976-1985 жылдарға арналған 10 жылдық жоспар негізінде, әсіресе ауыр өнеркәсіп саласында 120 ірі өнеркәсіп орнын салу арқылы халық шаруашылығын техникалық қайта құрылымдауды аяқтау мақсаты алға қойылды (Дэн Сяопин, 1997).

1978 ж. ҚКП ОҚ-нің 3-пленумында «революцияны жалғастыру» теориясынан бас тарту және ҚКП қызметінің басты міндеті ретінде саяси науқаншылдықты тоқтатып, партия жұмысының бар күшін экономикалық мәселелерді шешуге және «Қуатты социалистік модернизацияланған мемлекетті» құруға бағыттау туралы шешім қабылданды. ҚХР 2000 жылға қарай таяудағы 20 жыл ішінде жалпы ұлттық өнім өндіру бойынша әлемдегі алдыңғы қатарлы елдердің қатарында болуы жоспарланды (Чжунго сяньдайхуа баогао, 2004).

Осы пленумда Дэн Сяопин «Қытайдың жағдайына сай жаңаша даму жолын іздеп табу» жайлы сөз қозғады. «Жаңаша даму жолы», яғни «қытайлық үлгідегі модернизация» деген атауға ие болған дамудың бұл жолы ең алдымен экономика саласында жүргізілуі тиіс және елдің экономикалық негізінің әлсіздігі мен халық санының көптігі, егіс алқабының аздығы сияқты басты ерекшеліктерге көңіл бөлінуі тиіс екендігін баса айтты (Дэн Сяопин, 1997)

1982 жылы ҚКП-ның XII съезінде «Қытайлық ерекшелігі бар социалистік даму жолын» ұсынды. Онда қытайлық үлгідегі модернизацияның мазмұны социалистік екені атап көрсетілді.

Дэн Сяопин ұсынған социалистік модернизацияның үш қадамы стратегиясы:

1-ші қадам – ХХ ғ. 90-жылдары жалпы ұлттық өнім өндіруді 80-жылдармен салыстырғанда 2 есеге арттыру, яғни жылумен, азық-түлікпен және киім-кешекпен қамтамасыз ету арқылы халықтың әл-ауқатын көтеру (温饱水平 вэньбао шуйпин).

2-ші қадам – 2000 жылға қарай жалпы ұлттық өнім өндіруді тағы да екі есеге көтеру арқылы тұрғын халықты орташа тұрмыстық деңгейге жеткізу (小康水平 сяокан шуйпин).

3-ші қадам – 2050 жылға қарай жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім өндіру көлемін орташа дамыған елдердің деңгейіне жеткізу жә-

не елді модернизациялауды іске асыру көзделді (富裕水平ふう шуйпин, толық жетістік).

XX ғасырдың 80-жылдары материктік Қытайда мәдени төңкерістің нәтижесінде қалжыраған қоғамды Дэн Сяопин қайта қалпына келтіру мақсатында бірқатар шараларды жүргізуді бастайды. 1979 жылы ҚКПОК-нің 11-шақырылымындағы 3-пленумында Дэн Сяопин тұңғыш рет Жалпы Ұлттық өнімді 4 есеге арттырып, халықтың өмір сүру деңгейін «орташа ауқаттылыққа» жеткізу мақсатын алдыға қояды (Дэн Сяопин, 1993).

Осы кезден бастап ҚХР-да саяси лексиконға «сяокан» (орташа дәулетті қоғам) ұғымы енеді. Ал сяокан қоғамының басты белгісі ЖІӨ жан басына шаққандағы деңгейі 800-1000 доллар болуы керек деп белгілеп берді.

Көптеген шетелдік сарапшылар мен ғалымдар «сяокан» иероглифтер тіркесінің мәні не екенін білгенімен де, экономиканың қытайдың дәстүрлі философиясы мен қоғамдық ой санасына, қоғамдық құрылыстың конфуцийлік тұжырымдамаға қандай қатысы бар екенін көпке дейін түсіне де, қабылдай да алмады.

1979 жылы Дэн Сяопин Жапон премьер-министрі М. Охирамен кездесуі барысында берген сұхбатында: «Біз елде төрт модернизация жүргізбек ойымыз бар. Ол қытайлық үлгіде болады. Біздің тұжырымдама сіздердікіне ұқсамайды. Бұл «сяокан чжицзя» болмақ», – деген (Дэн Сяопин, 1993). Сөзбе-сөз, тікелей аударатын болсақ, бұл – «сяокан отбасы», яғни қытай отбасының сапалы өзгерісіне бағыт алуы дегенді білдіреді. Дэн Сяопин 80-жылдардың басында сяокан қоғамына 2000 жылдары жетеміз деген. Ол үшін өмір сүру дәрежесінің белгілі бір көрсеткіштер жиынтығына қол жеткізу керек екендігі белгіленді. Дегенмен, сяокан бұл тек материалдық жағынан қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар «өмір сүру сапасын» арттыру талаптарына сай, қоғамның рухани даму үдерісімен тығыз байланысты екені даусыз.

Реформа жылдары ел экономикасының қарқынды дамуы қытай халқының өмір сүру деңгейінің, мәдени қажеттіліктерінің өсуіне, тұрғын үй мәселесінің біртіндеп шешілуі, халық тұрмысының жақсаруына әкелді. Халықтың тұрмысының жақсаруы, олардың дұрыс тамақтануына әсерін тигізді, ақуыз, минералдар мен витаминдерге бай жақсы тамақтар рационына еніп, уақытылы, әрі жақсы тамақтана бастады.

Сонымен қатар, бұрындары тек көк және сұр түсті киім киетін қытайлар енді тек Қытайда өндірілген тауарлар мен киімдерді пайдаланып

қана қоймай, импорттық тауарлар мен сәндік бұйымдарды кеңінен қолданды.

Бұл-Дэн Сяопин ұсынған социалистік модернизацияның, яғни миллиард халықты тамақ пен киіммен қамтамасыз ету мәселелерін шешудегі бірінші қадамының (вэньбао шуйпин) айқын жемісі.

Қытай 2020 жылға қарай орташа ауқаттылық қоғамын (сяокан) құрып және XXI ғасырдың ортасына қарай Дэн Сяопиннің «үш қадамдық» стратегиясына сәйкес орташа дамыған елдердің қатарына қосылатынына сенімді. Бұл дегеніміз қытай ұлтын армандаған мақсатына, яғни ұлы жаңару дәуіріне жеткізу болып табылады. Модернизацияның негізгі мақсаты да осы.

Қытайдың социалистік модернизацияны іске асырудағы жетістіктері.

Тарихтан белгілі Қытай өзінің ұлттық даму жолын табуда үнемі ізденіс үстінде келеді. Ол XIX ғасырдың ортасында батыс елдерінен артта қалғанын, әлсіздігін мойындай отырып, «Өзін-өзі күшейту саясатын» жүргізу арқылы «күшті мемлекет, бай халық» құру идеясын алға қойған болатын. Сол кезеңде батысқа еліктейміз деп жүріп, ұлттық болмысымыздан айырылып қалмайық деген мәселені алға тартқан қытай идеологы Чжан Чжидун: «Біздің еңбек құралымыз ғана батыстыкі болып, ал негізіміз қытайлық болып қалу керек» – деді. Содан бері екі ғасыр өтсе де, қанша төңкерісті бастан кешіріп, реформалар жүргізілсе де қытайлар осы идеядан танбай келеді.

Биыл Дэн Сяопиннің басшылығымен жүргізілген реформалардың басталғанына тура 40 жыл толды. Тарихи тұрғыдан алғанда бұл аз уақыт емес. Дегенмен, осындай мерзім ішінде Қытайдың көзге қораш көрінетін, артта қалған тұрпайы тіршілік көріністерінен тез арылып, жаңа сипаттағы дамыған, әлем санасатын елге айналуы кез келген елдің қолы жете бермейтін үлкен жетістік екені даусыз.

Қытай үшін модернизация бұл – оның өндірісі, ауылшаруашылығы, ғылымы, мәдениеті дамыған, қызмет көрсету аясы жетілген, халқының өмір сүру деңгейі жоғары, қорғанысы мықты мемлекетке айналу. Ал осы мақсатқа қол жеткізу үшін елдегі жоқшылық пен кедейлікті, сауатсыздықты, қала мен ауыл халқының мәдениеті, теңіз жағалауы мен батыс аймақтар арасындағы әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтарды түпкілікті жою басты міндеттері болып табылады. Яғни, сяокан қоғамы дәрежесіне көтеру.

1980 жылы ҚХР-да жалпы ішкі өнім өндіру шамамен 283,3 млрд АҚШ долларына тең бо-

лып, әлемде 8-ші орынға ие болды. Бірақ ҚХР-дың халқының көптігіне байланысты, жалпы ішкі өнім өндіру көлемін жан басына шаққандағы мөлшермен алғанда оны 151 орынға кері шегеріп тастады (Гельбрас В., 2007).

XX ғ. соңындағы ұлттық жалпы өнім өндіруді 4 есеге арттыру арқылы оның мөлшерін 1140 млрд. долларға жеткізіп, ҚХР әлемде 5-ші орынға көтерілді, жан басына шаққандағы мөлшермен 75-ші орынға келді. 2000 жылға қарай Қытай жоспарды асыра орындап, жалпы ұлттық өнім өндіруді 20 жыл ішінде 4 есе емес, 6,5 есеге жеткізді, сондай-ақ жан басына шаққандағы табыс мөлшерін еселей отырып, әр тұрғынға шаққандағы тұтынудың орташа мөлшерін 1980 жылғы 227 юаннен, 2000 жылы 616 юанге жеткізді (Zi Zhongyuan)

«Орташа тұрмыстық деңгейге жеткізу» мақсатын алға дамыта отырып, ҚКП-ның жүз жылдығына, яғни 2021 жылға қарай «Жалпыға бірдей ауқаттылық» деңгейін қамтамасыз ету көзделді. Ал ҚХР-дың жүз жылдығына, яғни 2049 жылға қарай елді орташа дамыған елдердің қатарына жеткізу және Қытайды аса қуатты социалистік мемлекетке айналдыру мақсаты алға қойылды.

Реформалық кезеңнің өткен жылдарында Қытайда орасан зор тарихи өзгерістер жүзеге асырылды. Қытай жалпы ұлттық өнім өндіру мөлшері бойынша әлемде екінші орынға көтерілді, 2012 жылы оның жалпы ішкі өнім өндіру көлемі 51,932 трлн юанге, немесе 8,25 трлн. АҚШ долларына жетті. (Селищев А.С., Селищев Н.А. 2004) Әлемдік валюта қорының болжамы бойынша Қытай 2017 жылы-ақ сатып алу қабілеттілігінің сәйкес деңгейіне орай әлемде 1-ші орынға шығу мүмкіндігі болжанды.

ҚКП XVI съезінде «сяокан қоғамын жан-жақты құру» жоспары ұсынылды. Ол бойынша «жалпы сяоканнан» (总体小康цзунти сяокан) «全面小康жан-жақты сяоканға» (чуан миен сяокан) өту, яғни төменгі деңгейлі сяоканнан жоғары деңгейлі сяокан қоғамына өту көзделген. (Цзянь Цзэмин)

Осы мақсатты жүзеге асыруда ҚКП қоғамның әлеуметтік құрылымын өзгертуді, бұқара халықтың санын азайтып, олардан орта тап өкілдерін қалыптастыруды көздеді. Бұл үрдісті іске асыруда елді кенттендіруге ерекше мән берілді. Қытай сияқты алып елде ауыл тұрғындарын қалаға көшіру барысында экономикалық, әлеуметтік және саяси дағдарыс туындамас үшін, атқарылатын шараларды кешенді түрде жүзеге асыруға баса назар аударды. Мысалы, ауыл азаматтарына

қалада сұранысқа ие, қажетті мамандықтарды игеруіне жағдай жасау, оларды жұмыспен қамту, қалаға қоныс аударылған тұрғындардың ортаға икемделуін қадағалап, тіркеуге тұруына шектеулер қоймау сияқты маңызды қадамдар жасалды.

ҚКП XVII съезінде Ху Цзиньтао Қытайдағы жарасымды қоғамды қалыптастыру идеясы тұрғысынан маңызды партиялық доктрина ретінде «дамуға ғылыми көзқарас» немесе «ғылыми даму тұжырымдамасын» ұсынды (Материалы ХҮІІ Всекитайского съезде КПК, 2007).

Оның негізгі дәйектері Мао Цзедунның идеясы мен Дэн Сяопиннің қытайлық және шетелдік тәжірибені ортақ игеру негізінде дамудың жаңа талаптарын қалыптастыру теориясына сай келеді. «Ғылыми даму тұжырымдамасында» экономиканың дамуының экстенсивті әдістерінен интенсивті әдістеріне көшу қажеттігі дәйектелген, яғни, бұл ғылым мен техниканың, жалпы экономика мен қоғам дамуының инновациялық үлгілеріне көшу деген сөз. Бұл тұжырымдаманы ҚКП-ның «қытайлық ерекшелікке ие социализмді құру мен жүзеге асыруда ұстанатын маңызды стратегиялық идеясы» деп қарастырды.

«Ғылыми даму тұжырымдамасының» басты мазмұны – даму, басты талаптары – жан-жақтылық, үйлесімділік пен тұрақтылық. Даму мен әлеуметтік үйлесімділік орташа дәулетті қоғам, яғни сяокан қоғамын құрудың негізі.

Осы съезде қытайлық ерекшелікке ие социализмнің теориясында «құрылудан» «дамуға» көшуді ұсынады, «қытайлық ерекшелікке ие социализмді құрудың» орнына «қытайлық ерекшелікке ие социализмді дамытуға» шақырады (Титаренко, М.Л., 2013).

2012 ж. ҚКП XVIII съезінде ҚХР-дың әлеуметтік-экономикалық дамуының 2011-2015 жылдарға арналған 12-ші бесжылдық жоспары бойынша 2020 жылы жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім өндіру көлемін 2 есеге ұлғайту, жұмыспен қамту, білім беру мен денсаулық сақтау деңгейін көтеру, әлеуметтік сақтандыруды өсіру арқылы БҰҰ-ның «адамзат әлеуетінің даму индексі» көрсеткіштеріне сәйкес, Қытайды 81-ші орыннан әлемнің жетекші 50 елінің қатарына енгізу сияқты міндеттер қойылды.

Осылайша, «орташа ауқатты» (сяокан шэхуэй) қоғамын құру жоспарын орындап, енді келесі қытайлық ерекшелігі бар социализм құру жолындағы «жалпыға бірдей гүлдену» (фуьуй шэхуэй) қоғамын құруға бет алмақ.

ҚКП XVIII съезінде Ху Цзиньтао өз баяндамасында Қытайдың «қытайлық сипаттағы социализмді құру» жолынан айнымайтындығын

және ҚХР-дың жүз жылдығына қарай ҚКП-ның басшылығымен «бай, қуатты, демократиялық, өркениетті және үйлесімді жаңартылған социалистік мемлекет» құру мақсатын көздейтіндігін жария етті (Ху Цзиньтао, 2012 *Полный текст доклада*).

Ху Цзиньтао: «Қазіргі таңда біздің еліміз орташа дәулетті қоғамды құру мен социалистік модернизацияны жеделдету жолында күресуде, Сунь Ятсен мен өзге де Синьхай төңкерісінің өкілдерінің көптен күткен армандары, Қытайдың өрлеуі туралы үміттері орындалып жатыр, әлі де орындалу үстінде. Қытай ұлтының жандануын бұрын-соңды болмаған жарқын болашақ күтуде», – деп атап көрсетті (Ху Цзиньтао, 2007)

2017 ж. ҚКП XIX съезіндегі Си Цзиньпиннің баяндамасында осы қытайлық даму жолы жан-жақты айқындалады.

«Толықтай «сяокан» қоғамын құрудың жеңісті жолдары мен «қытайлық ерекшелікті социализм» идеясын жаңа кезеңде қайта жаңғыртудың ұлы жеңісі» деген баяндамасында Қытайлық даму жолын көрсетіп, саясатының басты мәні – «қытайлық ерекшелікті социализм» идеясын дамыту екенін тағы бір айқындады.

ҚКП XIX съезінде сөйлеген сөзінде Си Цзиньпин, бес мың жылдан астам тарихы бар қытай халқы өз өркениетін қалыптастырып, адамзаттың дамуына үлкен үлес қоса отырып, ұлы ұлтқа айналды деп атап көрсетті (Xi Jinping, 2017 *19th CPC National Congress*). Қытай халқының ұлы жаңғыруы – қытай халқының ең үлкен арманы. Бұл арманды жүзеге асыру үшін үлкен бағдарлама керек. Бұл – ҚКП бағдарламасы. ҚКП басшылығынсыз ұлттың жаңғыруы утопия болар еді. Өзінің құрылған сәтінен бастап, ҚКП коммунизмді жүзеге асыруды өзінің жоғарғы идеясы мен түпкі мақсаты ретінде қарастырды. ҚКП қытай ұлтының ұлы жаңаруын тарихи миссиясы ретінде орындауда. Осы миссияны орындау барысында түрлі жеңістер мен жеңілістерге қарамастан, мақсатқа жету үшін ұмтылуда.

Тағы да, «қытайлық арманды» жүзеге асыруда Қытай міндетті түрде «қытайлық дара жолмен» жүруі тиіс. Ал «қытай жолы» дегеніміз – «қытайлық ерекшелікті социализм» жолы. Бұл жолдың қалыптасуы біздің еліміз үшін оңайға соққан жоқ, яғни қытай жолы – соңғы қырық жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан реформаның ұлы тәжірибесі» – деді (Novoseltsev SV, (2016)).

ҚКП қытай халқын біріктіретін революциялық жолды тапты. Партия қытай ұлтының ұлы жаңаруын жүзеге асыру үшін озық әлеуметтік

жүйені құру қажет екенін түсінді, социализмнің негізгі институттарын құрды және социалистік құрылысты дамытты. Қытай халқының тағдырының түбегейлі өзгеруі жаңа кезеңге үлкен қадам жасап, қытайлық ерекшелікке ие социализмге жол ашты. Қытайлық ерекшелікке ие социализм жолы – халықтың тамаша өмірін жасау жолы.

Бұл мақсатты екі кезеңде жүзеге асырмақ. Бірінші кезең 2020-2035 жылдары орташа дәулетті қоғам құру ісін аяқтап, социалистік жаңғыртуды жүзеге асыру. Қытай технологиялық тәуелсіздікке қол жеткізеді және әлемдік деңгейдегі инновациялық технологиялар доноры бола алады. Осы негізде, ол негізгі мемлекеттік қызметтерге (зейнетақы және медициналық көмек) қол жеткізілуін қамтамасыз етуді, қаланың дамуын азайта отырып, ауылдық аймақтардың дамуын, орташа табысы бар халықтың үлесінің айтарлықтай өсуін қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Осы жылдары «жұмсақ күш» те өседі. Екінші кезең 2035-2050 жылдары социалистік жаңғыртуды аяқтап, халықтың өңірлік дамуын еңсере отырып, «әмбебап гүлдену» қоғамына жетеміз деген нақты бағытты ұстануда.

Си Цзиньпин «Қытайлық ерекшелігі бар социализмнің» 14 принципін нақты түрде көрсете отырып, елінің осы принциптер негізінде дамитындығын мәлімдеді. Онда партияның көшбасшылығын бекіте келе, «халық – бұл орталық» ұстанымы негізінде, оның тарихты құрушы, партия мен мемлекеттің болашағы мен тағдырын анықтайтын негізгі күш ретінде халықтың мәртебесін сақтай отырып, халыққа жанқиярлықпен қызмет етуді міндеттеді (Xi Jinping, 2017, *19th CPC National Congress*). Реформаны тереңдету, марксистік идея мен социализм жүйесін дамыта отырып, заманауи талаптарға сай келмейтін кез келген көзқарастар мен ұғымдарды жою және социалистік жүйенің артықшылықтарын анықтау қажеттігіне баса назар аударды. Қытайлық ерекшелікке ие социализм бойынша ҚКП басшылығымен көппартиялы ынтымақтастықты, аймақтық этникалық автономия институтын, сондай-ақ халықтың өзін-өзі басқару институтын жетілдіру, дамыту және нығайту керектігін; социалистік консультативтік демократияны дамыту, демократия институттарын жетілдіру, оның нысандарын әртараптандыру және оның арналарын кеңейту, мемлекеттің саяси және қоғамдық өмірінде елдің иесі ретінде халықтың позициясын қамтамасыз етуді; мемлекеттік басқарудағы заң үстемдігін толық сақтау, қытайлық ерекшелігі бар социалистік

құқықтық жүйені құру және социалистік құқықтық теорияны дамыту; адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікті сақтау; мемлекеттік қауіпсіздіктің кешенді тұжырымдамасын жүзеге асыруды жалғастыру, қауіпсіздік, қауіп-қатерлердің алдын алу және сақтық шараларын жүзеге асыру; халықтық армияның көшбасшылығын сақтап, халық армиясын құру, әскери реформаларды жүзеге асыра отырып, әскерді нығайту; «бір мемлекет – екі жүйе» концепциясы негізінде Тайвань мен Қытай арасындағы қарым-қатынастардың бейбіт дамуын, экономикалық ынтымақтастықты және мәдени алмасуларды тереңдету; партияның жұмыстарының барлық аспектілерін бірыңғай жоспарлау негізінде жүзеге асыру, партия ішкі саяси мәдениетті насихаттаушы, жемқорлықпен күрес жүргізу керектігін мықтап бекітті (Xi Jinping, 2017 *19th CPC National Congress*).

Қазіргі қытай билігі осы принциптерді жүзеге асыра отырып, халықтың дамуына жағдай жасауды көздеуде. Бүгінгі таңдағы әлемнің қарқынды дамуы, үлкен өзгерістерге әкеп отыр. Бұл Қытайдың барлық саланы қарқынды дамыту туралы жоспарын қабылдауына түрткі болды. Қытай өкіметі бұл мақсатқа тек көпұлтты халықты бір тудың астында біріктіріп, ерен еңбек етудің арқасында ғана қол жеткізе аламыз деп отыр. Өйткені қазіргі кезде жиі айтылып жүрген «қытайлық ерекшелігі бар социализмнің» жаңа дәуірі Қытай халқының арманын орындау. Си Цзиньпин «Қытайдың ХХІ ғасырдың ортасына қарай Ұлы заманауи социалистік державаға айналатындығын және бастапқы кезеңдегі Қытай коммунистерінің мақсаты – қытай халқының бақыты үшін, қытай ұлтының қайта өрлеуі үшін жұмыс жасау» – екендігін жариялаған болатын (Xi Jinping, 2017). Біз бұдан Қытайды қайта өркендету дәуірінің қайта басталғандығын көре аламыз.

Қорытынды

Идеология, саясат, экономикадағы жиырма жылдық солшылдықтың үстемдігінен кейін Қытай алдында пайда болған мәселелердің ауқымдылығы мен қиыншылығы табиғи нәрсе болды. Мемлекет басшылығының жоғарғы эшелондарында экономикалық трансформация бойынша бірауыздылықтың жоқтығы, нашар

бастапқы шарттар модернизация мен реформаларды жүзеге асыру үлгілерін іздестіруде көптеген қиындықтарға алып келді. Бұл бағыттағы ізденістер негізінен даму, реформа, ашықтық, дәстүр, социализм сынды ұғымдармен анықталады. Алғашқы екі компонент негізгі, құрылымды қалыптастырушы болып келді. Алайда басқа компоненттерді ескермеуге де болмайды, себебі оларсыз Қытайдағы реформалар кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық үрдістерді толыққанды түсіну мүмкін емес.

Модернизацияның ұлы мақсаттарына сәйкес келетін және мемлекеттің шынайы мүмкіндіктерін ескеретін экономикалық дамудың стратегиялары мен тактикаларын іздестіру Қытайды теория мен практика жүзінде дамудың оптималды бағыттары, экономикалық саясаттағы дамудың қысқамерзімді, ұзақмерзімді мақсаттарының сәйкестілігі сияқты сауалдарға жауап іздеуге мәжбүрледі. Модернизация, реформалар мен ашық есік саясатының әсері негізінде Қытайда басым болып отырған социализм туралы түсініктер үлкен өзгеріске ұшырады.

Өзінің негізгі көрсеткіштері бойынша «қытайлық үлгі», әрине сөзсіз, «дамудың қуып жетуші үлгісі» болып табылады. Қытайдың әлеуметтік-экономикалық дамуының ең мықты тұстарына дамудың стратегиялық, ұзақмерзімді мақсаттарға бағытталғандығын, үлкен көлемдегі мәселелерді шеше алу қабілетін, мемлекеттің объективті шарттарын есепке ала алу деңгейін, ішкі және сыртқы өзгерістерге тез арада бейімделе алу мүмкіндіктерін жатқызуға болады.

Қытай әлемдік рынокта өз орнын сақтап қана қоймай, дәрежесін көтеруге, Дэн Сяопин ұсынған «қытайлық ерекшелікті социализм» идеясын жаңа талаптармен қайта жандандыра отырып, «бір мемлекет – екі жүйе» саясатын қайта жүзеге асыру арқылы Тайвань мәселесін шешіп, елді біріктіріп, ақпараттық-технологиялық дамуды жаңа қарқынмен бастап, қытайлық бастамаларды жандандыруда табысқа жетуге талпынады.

Өзгерістердің қытайлық тәжірибесінің концептуалды жағы және Қытайда реформалар стратегиясы мен тактикасын жасап шығару Қазақстан үшін өте құнды болып табылады. Нарыққа өтудің қытайлық нұсқасының оң мен теріс жақтарының қазақстандық реформаларға берері көп болады деп сенеміз.

Әдебиеттер

- Сунь Цзы. (2017). Искусство войны. – М.: АСТ, 1019.
- Zi Zhongyun. The Relationship of Chinese Traditional Culture to the Modernization of China: An Introduction to the Current Discussion Author(s) // <http://www.jstor.org/stable/2644682>
- Портяков В. (2013). Есть ли у Китая шансы не застрять «в ловушке средних доходов?» // *Мировая экономика и международные отношения.* – № 6. – С.124-128.
- Гельбрас В. (2007). Цена экономических успехов Китая // *Мировая экономика и международные отношения.* – № 9. – С.26-34.
- Островский А. (2013). ХУІІІ съезде КПК: как обеспечить построение общества «сяокан» («малого благоденствия») в Китае // *Проблемы Дальнего Востока.* – №12. – С.25-35.
- Смирнов Д.А. (2005). Идеино-политические аспекты модернизации КНР: от Мао Цзэдуна к Дэн Сяопину. – М.: ИДВ РАН. – 323 с.
- Коренкова О.О. (2013). 18 съезд КПК КНР: подтверждение курса на строительство державы человеческих ресурсов // *Актуальные проблемы развития КНР в процессе ее регионализации и глобализации: материалы V Международной научно-практической конференции.* – Чита: ЗабГУ. – С. 49-54.
- Бергер Я.М. Модернизация и традиции Китая // russ-chinfrien.narod.ru
- 19 съезд КПК укрепит развитие социализма с китайской спецификой // www.veme.news
- Дэн Сяопин. (1997). Строительство социализма с китайской спецификой. – М.: МП «Полея». – С. 479.
- 共同努力, 实现祖国统一(Общими усилиями добиваться единства родины) // *邓小平文选* (1993). (Избранные сочинения Дэн Сяопина). – Пекин. – Т.3. – С.102.
- Селищев А.С., Селищев Н.А. (2004). Китайская экономика в XXI веке. – СПб.: Питер. – С. 240.
- Доклад Цзянь Цзэмина на ХУІ съезде КПК «Всесторонне вести строительство среднезажиточного общества и создавать новую обстановку для дела социализма с китайской спецификой» // russian.cpc.people.com.cn/5774860/index.html
- Материалы IV пленума ЦК КПК XVI созыва. Сент. 2004. <http://cpc.people.com.cn/GB>
- Материалы ХУІІ Всекитайского съезда КПК (15 октября 2007года) // www.russian.xinhuanet.com
- Доклад генерального секретаря ЦК КПК Ху Цзиньтао на ХУІІ съезде КПК // www.russian.china.org.cn/china/archive/shiqida/2007-10/25/content_9120930_22.htm
- Полный текст доклада, с которым выступил Ху Цзиньтао на ХУІІІ съезде КПК // Russian.people.com.cn/31857/206269/index.html
- Ху Цзиньтао. Высоко неся великое знамя социализма с китайской спецификой, бороться за новую победу в деле полного построения среднезажиточного общества. Доклад на ХУІІІ Всекитайском съезде КПК 15 октября 2007 г. // russian.people.com.cn
- Титаренко, М. Л. (2013). О феномене китайского социализма : (размышления по поводу дискуссий о китайском социализме и итогов ХУІІІ съезда КПК) / М. Титаренко [Текст] // *Проблемы Дальнего Востока.* – № 2. – С. 3-24
- Full text of Xi Jinping's report at 19th CPC National Congress // http://www.chinadaily.com.cn/china/19thcpcnationalcongress/2017-11/04/content_34115212.htm
- CPC creates Xi Jinping Thought on Socialism with Chinese Characteristics for a New Era // http://www.chinadaily.com.cn/china/19thcpcnationalcongress/2017-10/19/content_33438132.htm
- Новосельцев С.В. (2016) Концепция «китайской мечты» и ее практическое применение // *Comparative politics.* – 1(22). – 5-21 p.
- Чжунго дицой сяньдайхуа дэ фэньбу хэ цэгоу // 2004 нянь Чжунго сяньдайхуа баогао= Зонирование и структура региональной модернизации КНР // Доклад о региональной модернизации Китая (2004 г) // <http://www.china.com.cn/chinese/zhuanti/2004xdh/505635.htm>

References

- Sun' TSzy. (2017) Iskusstvo voyny, [The Art of War]10-19.
- Zi Zhongyun. The Relationship of Chinese Traditional Culture to the Modernization of China: An Introduction to the Current Discussion Author(s) // <http://www.jstor.org/stable/2644682>
- Portyakov V. (2013) Yest' li u Kitaya shansy ne zastryat' «v lovushke srednikh dokhodov?» [Does China have a chance not to get stuck “in the trap of average incomes?”] // *World Economy and International Relations.* No. 6.-С.124-128
- Gelbras V. (2007) Tsena ekonomicheskikh uspekhev Kitaya [The Price of China's Economic Success] // *World Economy and International Relations* -№ 9.-С.26-34.
- Ostrovsky A. (2013) ХУІІІ s"yezde KPK: kak obespechit' postroyeniye obshchestva «syaokan» («malogo blagodenstviya») v Kitaye. [XIII Congress of the CPC: How to Ensure the Building of a “Xiaokang” Society (“Small Prosperity”) in China // *Problems of the Far East* .- No. 12.-P.25-35
- Smirnov D.A.(2005) Ideyno-politicheskiye aspekty modernizatsii KNR: ot Mao TSzeduna k Den Syaopinu. [The ideological and political aspects of the modernization of the PRC: from Mao Zedong to Deng Xiaoping.]// – Moscow: RAS IFES.- 323pages.
- Korenkova O.O. (2013). 18 s"yezd KPK KNR: podtverzhdeniye kursa na stroitel'stvo derzhavy chelovecheskikh resurov[he 18th Congress of the CPC of the PRC: Confirmation of the Course on the Construction of a Power of Human Resources] // *Actual*

Problems of the Development of the PRC in the Process of its Regionalization and Globalization: Proceedings of the V International Scientific Practical Conference. – Chita: ZabGU.– P.49-54

Berger YA. M. Modernizatsiya i traditsii Kitaya [Modernization and traditions of China]//russ- chinfrin.narod.ru

Syezd KPK ukreplit razvitiye sotsializma s kitayskoy spetsifikoy [The CCP Congress will strengthen the development of socialism with Chinese characteristics] // www.veme.news

Deng Xiaopin. (1997). Stroitel'stva sotsializma s kitayskoy spetsifikoy. [Building socialism with Chinese characteristics] – M.: MP «Poleya», 479 C.

共同努力，实现祖国统一-(Obshchimi usiliyami dobivat'sya yedinstva rodiny)[共同努力，实现祖国统一 (By common efforts to achieve the unity of the motherland)]// // 邓小平 文选 (1993) (Selected Works of Deng Xiaoping)-Pekin,-T.3.- C.102

Selishchev A.S., Selishchev N.A. (2004). Kitayskaya ekonomika v XXI veke.[China economy in the XXI century] – Spb:Piter,-240.

Doklad Jiang Zemina na 16 s"yezde KPK «Vsestonnno vesti stroitel'stvo srednezazhitochno obshchestva i sozdavat' novuyu obstanovku dlya dela sotsializma s kitayskoy spetsifikoy» [Report of Jiang Zemin at the XI Congress of the CPC “Comprehensively conduct the construction of a moderately prosperous society and create a new environment for the cause of socialism with Chinese characteristics”]// russian.cpc. people. com. cn /5774860/index.html

Materialy IV plenuma TSK KPK XVI sozyva. Sent. 2004.[Materials IV plenum of the Central Committee of the CCP XVI convocation. St 2004.] http://cpc.people.com.cn/GB

Materialy XVII Vsekitayskogo s"yezde KPK (15 oktyabrya 2007goda) [Materials of the XVIIth All-China CPC Congress (October 15, 2007)] // www.russian.xinhuanet/com

Doklad general'nogo sekretarya TSK KPK Hu Jintao na XVII s"yezde KPK[Report of the Secretary General of the Central Committee of the CPC, Hu Jintao, at the XVIth Congress of the CPC] //www.russian.china.org/cn/china/archive/shiqida/2007-10/25/content_9120930_22.htm

Polnyy tekst doklada, s kotorym vystupil Hu Jintao na 18 s"yezde KPK [The full report delivered by Hu Jintao at the XVIIIth Congress of the CPC] // Russian.people.com.cn /31857 /206269/ index.html

Hu Jintao. Vysoko nesya velikoye znamya sotsializma s kitayskoy spetsifikoy, borot'sya za novuyu pobedu v dele polnogo postroyeniya srednezazhitochno obshchestva. [Hujingtao. Highly carrying the great banner of socialism with Chinese characteristics, to fight for a new victory in the complete construction of a moderately prosperous society.] Report at the XVII All-Chinese Congress of the CPC October 15, 2007.//russian.people.com.cn

Titarenko, M. L. (2013). O fenomene kitayskogo sotsializma : (razmyshleniya po povodu diskussiy o kitayskom sotsializme i itogov XVIII s"yezda KPK) [On the phenomenon of Chinese socialism: (reflections on the discussions about Chinese socialism and the outcome of the 18th CPC Congress)] / M. Titarenko [Text] // Problems of the Far East. – № 2. – p. 3-24

Full text of Xi Jinping's report at 19th CPC National Congress// http:// www.chinadaily.com.cn/china/ 19thcpcnationalcongress/2017-11/04/content_34115212.htm

CPC creates Xi Jinping Thought on Socialism with Chinese Characteristics for a New Era// http://www.chinadaily.com.cn/china/19thcpcnationalcongress/2017-10/19/content_33438132.htm

Novoseltsev SV (2016) Kontseptsiya «kitayskoy mechty» i yeye prakticheskoye primeneniye.[The concept of the “Chinese dream” and its practical application.] // Comparative politics – 1 (22) .- 5-21 p

Чжунго дицхой сяньдайхуа дэ фэньбу хэ цзегоу //2004 нянь Чжунго сяньдайхуа баогао= [Zoning and structure of the PRC regional modernization] // Report on China's Regional Modernization http://www.china.com.cn/chinese/zhuanli/2004xdh/505635.htm